

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 08-3/534 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 26 қыркүйекте № 7206 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 17 шілдедегі № 7-1/369 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.07.2014 № 7-1/369 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз).

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 8 бабы 46) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымша берілген Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті (Токсеитова Р.Ә.) осы бұйрықтың заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Мамытбеков*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 2 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 0 8 - 3 / 5 3 4 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу ережелері

1. Негізгі ережелер

1. Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы «Лицензиялау туралы» Заңымен белгіленген қызметті қоспағанда,

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 8-бабы 46)-тармақшасына сәйкес ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарына тіркеу жүргізу тәртібін, а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мамандар – ветеринария мамандығы бойынша жоғары, орта оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіби білімі бар тұлғалар;

2) тізілім – ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мамандар туралы мәліметті және олардың тіркеу нөмірін қамтитын ЖАО бөлімшелерінің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - Тізілім).

3. Ветеринария мамандарын тіркеу республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың), ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерімен (бұдан әрі – ЖАО бөлімшелері) ақысыз мерзімсіз негізде жүргізіледі.

2. Тіркеу жүргізу тәртібі

4. Тіркеуге ветеринария саласындағы ветеринариялық мамандармен жүзеге асырылатын келесі кәсіпкерлік қызмет түрлері кіреді:

1) ветеринариялық емдеу-профилактикалау;

2) ветеринариялық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық препараттарды, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы атрибуттардың б ұ й ы м д а р ы н ө т к і з у ;

3) дезинфекция, дезинсекция, деразитация, дегельминтизация, жүргізу.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2013 № 16-07/145 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Тіркелген мамандар туралы мәлімет ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті іске асыратын мамандар Тізіліміне осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес н ы с а н д а е н г і з і л е д і .

6 . Т і з і л і м :

1) маманның тіркеу нөмірін, күнін (реттік нөмір);

2) маманның аты-жөнін, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН);

3) **Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2013 № 16-07/145 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

4) ветеринариялық қызметті жүзеге асыратын орнын;

5) көрсетілетін қызмет түрлерін;

б) мамандардың білімі туралы мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2013 № 16-07/145 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Тіркеу рәсімі:

осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдау және тексеруді;

Тізілімге жазба енгізуді;

маманды енгізілгені/енгізілмегені туралы хабардар етуді қамтиды.

8. Тіркеу осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша маманның тікелей немесе пошта (электрондық) арқылы ұсынған өтінішінің негізінде жүргізіледі, мынадай құжаттарды қосып: жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; маманның білімі туралы дипломның көшірмелері.

Нотариалды расталмаған құжаттардың көшірмелері түпнұсқасын көрсетіп ұсынылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2013 № 16-07/145 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Маманға немесе оның өкіліне құжаттарды дербес ұсынғанда қабылдау және орындау күні көрсетілген осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес талон беріледі.

10. ЖАО бөлімшесі, өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күннен кешікпей, тіркеуді жүзеге асырады және маманға Тізілімге енгізілгені / енгізілмегені туралы хабарлама жолдайды.

Тіркелген мамандар туралы мәліметті жоғары тұрған ЖАО бөлімшесіне және уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне ұсынады.

11. Маман ЖАО бөлімшесін:

бес күнтізбелік күннің ішінде - осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген құжаттардағы мәліметтер өзгерген жағдайда;

үш күнтізбелік күннің ішінде - басқа аумақта ветеринариялық қызметпен айналысар алдында хабардар етеді.

12. Маманды Тізілімнен алып тастау үшін мыналар негіз болып табылады: маманның кәсіпкер ретінде ветеринариялық қызметті тоқтату туралы өтініші; маманның кәсіпкерлік қызметін тоқтату туралы соттың шешімі.

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын

тіркеу жүргізу қағидасына 1-қосымша

Нысан

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті іске асыратын мамандар тізілімі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2013 № 16-07/145 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Реттік №, күні (тіркеу нөмірі)	Маманның аты-жөні, ЖСН	Ветеринариялық қызметті жүзеге асыратын орны	Көрсетілетін қызмет түрлері	Маманның білімі туралы мәлімет
1	2	3	4	5

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу жүргізу қағидасына 2-қосымша

Нысан
ЖАО

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, ЖСН)
мекен-жайы: _____

ӨТІНІШ

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 03.04.2013 № 16-07/145 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария маманы ретінде тіркеуді өтінемін.

Қызмет түрлері: _____

Келесі құжаттарды қоса беріп отырмын:

Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі: _____

білім туралы дипломның көшірмесі: _____

Жалған мәлімет және дұрыс емес құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілдім. Мен ұсынған мәліметтері мен құжаттардың тексерілуіне қ а р с ы е м е с п і н .

Қызмет жүзеге асырылатын орын: _____

_____ 20__ жыл

(өтініш берушінің қолы)

Қосымша: _____ парақта. Құжаттар қабылданды _____ 20__ жыл

(құжат қабылдаған тұлғаның қолы)

Өтініш берушінің тіркеу № _____

(жырту сызығы)

ТАЛОН

Өтініш берушінің тіркеу № _____

Азаматтың өтініші және құжаттары _____

Қабылдадым _____ 20 ____ жыл _____

(қолы) (қолдың талдауы)

Құжаттар саны _____ дана _____ парақ.

Орындалу мерзімі _____ 20 ____ жыл